



2023 ақпан

# Баға барометрі

# Мазмұны

■	Тәуекелдер мен келешектер	3
■	Әлемдік үрдіс	4
■	Ішкі инфляция	5
■	Қосымша	7





## Тәуекелдер мен келешектер

Ғаламдық инфляция әлі де жоғары күйінде қалуда. Дегенмен ол көптеген елдерде өзінің шарықтау шегінен өткен секілді. ХВҚ мамандары былай деп болжам айтады: көптеген елдерде базалық инфляция әлі шарықтау шегіне жетпесе де, биыл, яғни 2023 жылы инфляциялық орта жақсаратын болады. Еске саламыз, базалық инфляцияда энергия тасымалдаушылар мен азық-түліктегі құбылмалы бағалар есепке алынбайтыны белгілі. Дегенмен геосаяси текетірестер бәрібір инфляцияның ұзақ уақыт жоғары болып тұру қаупін тудырады.

Jusan Analytics базалық сценарийі бойынша **ішкі инфляциялық қысым 1 жыл ішінде әлсірейді, бірақ ҚРҰБ көздеген мақсатты деңгейден жоғары болмақ**. Мұны бірнеше фактормен түсіндіруге болады. Реттеушінің экономикада ұзақ уақыт бойы тежеуші монетарлық шарттарды қолдануы өз жемісін беруде: тұтынушылық сұраныс әлсіреп, бағалардың өсуі бәсеңдеді және экономикалық агенттердің инфляциялық болжамы да төмендеді. Осы ретте жыл басында жалақының өсуі, зейнетақы мен жәрдемақыны индексстеу, кезекті қазыналық қолдаулар нақты табыстардың төмендеуіне жол бермеуде. Бірақ инфляциялық тәуекелдерді басқару мүмкіндігін қиындатып жатыр.


Жағдайды тұрақтандыруға теңге бағамының серпіні де үлес қосуда. Ол импорттық тауарлардың бағасы арқылы инфляцияның өсу қаупін тежейді және инфляциялық болжамдардың құбылмалылығының өсу мүмкіндігін шектейді.

Экономикалық өсімнің келешегіне қатысты берген бағамымыздың өзгеруіне Ұлттық қордан түсетін трансферлердің көлемін қайта қарау шарасы себеп болды. Өйткені ол тұтынушылық сұраныстың артуына сеп болады. Айталық, жаңартылған болжамдар бойынша 2023 жылы ЖІӨ өсімі **4.0-4.5%-ға** дейін көтеріліп, шығарылым алшақтығы – **3.1%-ға** дейін барады. Ал инфляция бірте-бірте төмендеп, жыл соңына қарай **12.4-14.3%** деңгейінде қалыптасады. Жалпы экономикадағы ақша-несие саясаты бейтарап жағдайға жақын болады.

Ақша-несие саясаты қатал болса да инфляциялық үдерістердің біркелкі болмауы, инфляциялық болжамдардың тұрақсыздығы және инфляцияның өршу қаупі біздің болжам бойынша ҚРҰБ базалық мөлшерлемесінің әрі қарай біртіндеп төмендеуіне септігін тигізеді.

## Тұтынушылық бағалардың өсуі бойынша Jusan Analytics болжамы

(жылдық есепте, %-бен)






## Әлемдік үрдіс

Ғаламдық инфляциялық ахуал біртіндеп қалпына келіп жатыр. Бірақ болжамды қарқыннан баяу. Экономикалық белсенділік біртіндеп жанданып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің әлемдік бағалары төмендеу үстінде, сондай-ақ әлемдік өндірістік және логистикалық тізбектер де қалпына келе бастады. Жиынтық ұсыныс тарапындағы шектеулердің әлсіреуі инфляциялық ортаның біртіндеп сабасына түсуіне негіз болуда. Соған қарамастан, тұрақсыз және көтеріңкі инфляциялық болжамдар, сондай-ақ тұрақты тұтынушылық сұраныстың сақталуына қарап, бағалық қысымның тез төмендемейтіндігін түсінуге болады.

### PMI composite



Источник: J.P. Morgan, S&P Global

Соңғы жарты жыл бойы төмендеген Global Composite PMI (ғаламдық жиынтық PMI (іскерлік белсенділік индексі)) ақпанның қорытындысы бойынша 52.1 балға жетіп, «жасыл аймаққа» енді. Қызмет көрсету секторы және ғаламдық өндірісті кеңейту – әлемде іскерлік белсенділікті жандандырудың негізгі факторына айналды. Сонымен қатар өндірістік шығындардың едәуір баяу өсіп жатқандығы байқалады: соңғы 2 жылда көбею қарқыны өте төмен болды.

ҒАО Бағалар индексінің төмендеуі жалғасуда. Оның орташа мәні **129.8 пунктке** түсіп кетті. Индекс өсімдік майлары мен сүт өнімдерінің арзандауына байланысты төмендеді. Қайткенмен де әлемдік бағалардың төмендеп жатқандығына қарамастан, көптеген елдерде азық-түлік инфляциясы әлі де тым жоғары.

ЕО және АҚШ-та тұтынушылық бағалардың өсуі әлсіз бәсеңдеуде. Ал нарық олардан ширақ бәсеңдеуді күткен болатын.

Бұл ретте бағаның өсуінің базалық көрсеткіштері өзгерген жоқ десе де болады және шектеуші монетарлық шаралардың ырқына олар онша көнер емес. Бұл деректер реттеушілердің алаңдаушылығын тудырады. Сәйкесінше оларда монетарлық саясатта өктем бағытты әрі қарай жалғастыру керек деген ой қалыптасады.

Қытайда іскерлік белсенділік жақсарып келеді. Бұл 2022 жылдың ортасынан бергі алғашқы жандану. Қытай экономикасының қарқынды дами бастауы өндіріс пен логистиканың ғаламдық тізбектеріндегі ахуалдың жақсаруына, сондай-ақ бір мезетте шикізаттық нарықтардың құбылмалылығының артуына септігін тигізеді. Осы ретте Қытайдағы тұтынушылық инфляция азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын өнімдерге байланысты үдей бастады. Қытайдың реттеушісі жалпы инфляциялық қысымды бірқалыпты және басқарылуға бейім деп бағалайды. Демек бұл оған экономиканы қайта қалпына келтіру үшін АНС құралдарын кеңінен қолдануға мүмкіндік береді.

### Жеткізілім тізбегіндегі қысым индексі

(орташадан стандартты ауытқулар саны)



Дереккөз: www.newyorkfed.org

Еуропа өңірлерінде шикізат пен тауар жеткізу мерзімдеріне қатысты жағдайдың жақсаруы жеткізу тізбектеріндегі ғаламдық қысымның да жақсаруына ықпал етті. Айталық, индекс 2019 жылдың ортасынан бері тұңғыш рет теріс мәнге дейін төмендеді. Тауарлардың едәуір тез және оңай жеткізілуі ғаламдық инфляциялық қысымның төмендеуіне әсер етеді. Бұл деректер жеткізілім қысымының төмендеу себебіне, бірінші кезекте жиынтық сұранысқа байланысты алаңдаушылық тудырады. Оның төмендеуіне қарап ЕО-да тұтынушылық белсенділіктің төмендеуі аясында жеткізілім мерзімінің не үшін үдеп жатқандығын түсінуге болады.



## Ішкі инфляция

**2023 жылдың ақпанында тұтыну бағаларының жылдық өсімі 21.3%-ды (1.3% а/а) құрады. Тұтыну бағаларының индексі негізгі тауарларда бағалардың өсу қарқыны мен бағытының әртектілігімен сипатталды:**

- азық-түлік тауарлары – 26.2% (а/а 1.5%, бір ай бұрын 1.4%);
- азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 20.5% (0.8%, бір ай бұрын 0.9%);
- ақылы қызметтер – 15.0% (1.3%, бір ай бұрын 0.7%).

ҚРҰБ деректері бойынша халықтың медиандық инфляциялық болжамы 14.2%-ға күрт түсіп кетті. Бизнес өкілдерінің болжамы 11.2%-дан 11.8%-ға жоғарылады. Ал ҚКҚ деректері бойынша керісінше 13.5%-дан 13.3%-ға дейін қысқарды. Халықтың инфляциялық болжамының төмендеуі теңгенің шетел валюталарына қатысты жайғасымын едәуір нығайтуға септігін тигізді. Теңгенің нығаюы тұтыну қоржынындағы импорттық тауарлар бағасын төмендетеді.

Базалық инфляция көрсеткіші бағалар өсімінің тұрақтылық индикаторы ретінде өсуін жалғастырып, 23.1%-ға жетті. Базалық инфляцияның жоғары деңгейін ескере отырып, 2023 жылдың наурызынан бері күтілген, дезинфляцияға бағытталған құбылыстың әсері аз болуы мүмкін. Бұған дейін оған көп мән берілгенді. Наурыздың ортасында бюджеттің шығыстарын қайта қарау, оның ішінде әлеуметтік шығындарды кеңейту халықтың сатып алу қабілетін қайта жандандыруға септігін тигізуі ықтимал. Бұл инфляцияның төмендеуін тежейді.

Өткен айда жалақының көбейгендігі және еңбек ақының ең төменгі мөлшерінің арттырылуы нақты жалақы серпінін -12.3%-дан -10.8%-ға түзетуге септігін тигізеді. Ал ішкі саудада нақты, табиғи көлем көрсеткіштері жақсаруда. Бұл қосымша инфляциялық қысым тудыратыны сөзсіз.

## Келесі 12 айға тұтыну инфляциясы және инфляциялық болжам

(%-бен, жылдық есепте)

Жыл	Ай	тұтыну инфляциясы, ж/ж	салмақтарды ескере отырып, ж/ж			деректер бойынша инфляциялық болжамдар		
			азық-түлік	азық-түлікке жатпайтын тауарлар	ақылы қызметтер	ҚРҰБ	ҚКҚ	ЖА*
2021	Ақпан	8.7	4.1	2.6	2.1	6.2	8.3	19.6
	Наурыз	12.0	6.3	3.3	2.4	11.4	8.7	19.7
	Сәуір	13.2	7.3	3.3	2.6	11.4	9.4	19.2
	Мамыр	14.0	7.7	3.6	2.7	13.8	11.7	18.8
	Маусым	14.5	7.8	4.0	2.7	14.9	10.3	18.3
2022	Шілде	15.0	8.0	4.3	2.7	16.5	11.9	17.7
	Тамыз	16.1	8.5	4.7	2.9	16.5	11.7	17.1
	Қыркүйек	17.7	9.0	5.1	3.6	16.9	12.5	16.5
	Қазан	18.8	9.4	5.4	3.9	18.3	12.9	16.1
	Қараша	19.6	9.8	5.6	4.1	18.2	13.9	15.8
	Желтоқсан	20.3	10.3	5.9	4.1	21.3	14.3	15.4
	Қаңтар	20.7	10.6	6.1	4.0	17.3	13.5	15.0
2023	Ақпан	21.3	10.7	6.2	4.4	14.2	13.3	14.2

\* Болжамдар бағалардың t кезеңінде нақты өсу деңгейі мен Jusan Analytics-тің инфляция бойынша t+1 кезеңіндегі болжамдарының сарапталған мәні ретінде есептеледі

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы, Jusan Analytics есептеулері, ҚКҚ, ҚРҰБ




## Ішкі инфляция

### Тұтыну инфляциясы

(%-бен, айдың өткен айға қатысы)


Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы



### Базалық инфляция<sup>2</sup>

(%-бен, жылдық тұрғыда)

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы





## Ішкі инфляция: тауарлар

**Тұтыну тауарлары бағаларының жылдық өсу қарқыны біртіндеп үдей түсуде. Ақпанда азық-түлік инфляциясының жалпы инфляциядағы үлесі 10.7%-ды (а/а 0.6%) құраса, азық-түлікке жатпайтын инфляцияның үлесі – 6.2% (0.2% а/а).**

Сүт өнімдері, балық және теңіз өнімдері, жұмыртқа, өсімдік және жануар майлары, сондай-ақ жемістер мен көкөністер бағасының өсу қарқыны жылдық тұрғыда да, айлық тұрғыда да үдей бастады. Азық-түлік тауарларының қалған топшаларының бағалары керісінше бәсеңдеуде. Бірақ бұрынғыға қарағанда баяу. Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде ауа-райының салқындауы жеміс-көкөніс өнімдері бағасының өсуіне әсер етті. Ақпанда өсімдік және жануар майлары, сондай-ақ сүт өнімдерінің ішкі

және сыртқы бағаларындағы алшақтық ұлғая түсті. Ішкі бағалар шығындардың көбеюіне байланысты өсіп жатса, сыртқы бағалар ғаламдық сұраныстың төмендігіне байланысты арзандауда.


Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны айлық тұрғыда бәсеңдеуде. Бұл ретте тауарлардың осы түрлеріне қатысты бағалардың өзгеру қарқынында әртектілік байқалады.

Тұрмыстық химия, көмір, автомобиль, кітаптар мен кеңсе тауарлары және жеке пайдалануға арналған тауарлар бағасының өсу қарқынының бәсеңдеуі аяқ киім, сұйылтылған газ, жиһаз, тұрмыстық аспаптар және дәрі-дәрмектер бағасының өсу қарқынының үдей түсуін жойды.

### Азық-түлік инфляциясының серпіні

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы


(%-бен, жылдық тұрғыда)



### Азық-түліктік емес инфляцияның серпіні

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы

(%-бен, жылдық тұрғыда)





## Ішкі инфляция: қызмет көрсету

**Сервистік инфляция тағы да үдей түсті. Бұл ретте бағалардың қозғалысындағы әртектілік те өсіп жатыр.** Тұтыну бағалары өсімінің жалпы деңгейіндегі үлесін ескерсек, сервистік инфляция 4.4%-дық өсімді көрсетті (а/а 0.4%). Ақылы қызметтер бағасының өсу қарқыны бұған дейінгі айларға қарағанда бірнеше есе жоғары. Бұл жоғары база нәтижесіне қарамастан, алдағы айларда инфляцияның жалпы көрсеткішінің көтерілуіне себеп болады.


Ақпанда энергия тасымалдаушылар мен тамақ өнімдері бағаларын әуе билеттеріне көшіруге байланысты сервистік инфляцияның өсуінің негізгі қозғаушы күші – табиғи монополиялардың көрсететін қызметтері болған еді, солардың ішінде тұрғын үй-коммуналдық қызметтерінің барлық түрлері (коммуналдық желілерді жөндеу және жаңалау, сондай ақ көрсетілетін қызметтердің баға белгіленімін мемлекеттік бақылаудан босату үшін жарияланған тарифтерді индексациялау есебінен) және жолаушы көлігі (негізінен темір жол және әуе).

Бұл ретте ақылы қызметтердің қалған түрлеріне қатысты бағалардың өсуі бәсеңдеуде. Олар тұтынушылық сұраныстың белсенділігіне сезімтал келеді (мәдени ойын-сауық сипаттағы қызметтер). Мысалы, азық-түлік бағаларының өсу қарқыны үдеп жатса, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарындағы көрсетілетін қызметтер бағасының өсу қарқыны бәсеңдеуде. Жеке автокөлік құралдарына қызмет көрсету және оларды жөндеу бағаларының өсу қарқыны да үдей түсуде. Бұған басты себептердің бірі: автокөліктердің қосалқы бөлшектері мен басқа да жабдықтарының қымбаттауы. Олар көрсетілетін қызметтердің осы түрлеріне қатысты бағалардың өзгеруін бағалау барысында есепке алынады.

### Сервистік инфляцияның серпіні

(%-бен, жылдық тұрғыда)

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы







## Өңірлік инфляция

**Жылдық инфляция Қазақстанның өңірлеріне қарай 19.3-25.1% ауқымында болды. Өңірлік инфляциялық ауқымның жоғарғы шекарасы жоғары қарай ентелей жылжыса, ал төменгі ауқымы, керісінше, Қазақстан бойынша тұтынушылық инфляцияның орташа мәніне жақындай түскен. Бұл өңірлік инфляциялық қысымның күшейе бастағанын білдіреді.**


Тұтынушылық бағалардың ең жоғары жылдық өсімі Маңғыстау облысында байқалады. Бұған еліміз бойынша тамақ өнімдері мен ақылы қызметтер бағасының рекордтық өсуі себеп болды. Сондай-ақ азық-түлікке жатпайтын тауарлар есебінен Астана қаласында байқалды.

Ең төменгі жылдық өсім Алматы мен Атырау облыстарында тіркелді. Себеп: бұл өңірлерде тұтынушылық тауарлар мен көрсетілетін қызметтер құнының өсу қарқыны орташа республикалық мәннен төмен.

### Өңірлік бөліністегі тұтыну инфляциясы

(2023 қаңтарының қорытындысы, %-бен)

**Қазақстан Республикасы: 21.3**



Жалпы республикалық бағалармен салыстырғанда өңірлердегі бағалар

Төмен



Жоғары

\* Өңірлердің биіктігі инфляцияның өткен кезеңге қатысты өсу қарқынындағы өзгерісті белгілейді



**Автор:** Айжан Әлибекова (A.Alibekova2@jusan.kz)

**Жауапкершілікті шектеу:**

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл таза ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір есеп-қисап беру емес, сондай-ақ іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіптік консультациялар және көрсетілетін қызметтер ұсыну бойынша ұсынысқа немесе қандай да бір ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты болмаймыз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзету үшін өзіне міндеттеме алмайды. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

**Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:**

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
A25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.  
analytics@jusan.kz